ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 6 ақпан Іс №1513-24-00-2/4168 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы А.Тлегенова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Кадиша Абуовна Карымсакова («ЭлектроСтрой Астана»)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Муханова
талап қоюшының өкілі Д.С.Каниев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2024 жылдың 1 қарашасында қыркүйекте №425 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде шамшырақ жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 48 860 теңгені құрайды.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2024 жылдың 18 қарашасына дейін болып табылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын жауапкер 2024 жылдың 20 қарашасында енгізген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 1 319 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап, қанағаттандыруды сұраған.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюымен уақытылы жүгінген.

Іс материалдарынан мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы жүзеге асырылғандығы, талап қоюшыға тауар

жеткізгендігі, алайда, тексеруден кейін тауарлардың техникалық сипаттамасында сәйкессіздіктер анықталды.

Сотта талап қоюшының шарттың 3.3. тармағын сақтағаны және жауапкерге сәйкессіздік актісі жіберілгені анықталды.

Алайда, жауапкер актіде көрсетілген ескертулерді жоймаған және міндеттемелерді толық орындамаған.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

2024 жылғы 31 желтоқсанда тараптар арасындағы міндеттемелер шарттың аяқталуына байланысты тоқтатылды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл,

Сәйкес А. 07.02.2025

өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

Талап қоюшы ұсынған 2024 жылдың 17 қарашасынан бастап -13 желтоқсан (қоса алғанда) 1 319 көлеміндегі (48 860 теңге х 0,1% х 27 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс емес деп санайды, себебі міндеттеменің орындалу мерзімінің соңғы күні 2024 жылдың 18 қараша болып табылады.

Демек, тұрақсыздық айыбы 2024 жылдың 19 қарашасынан бастап есептелуі қажет және ол 1 222 теңгені құрайды (48 860 теңге х 0,1% х 25 күн (19 қараша тамыз-13 желтоқсан қоса есептегенде).

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 37 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Кадиша Абуовна Карымсакова («ЭлектроСтрой Астана») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Кадиша Абуовна Карымсаковадан («ЭлектроСтрой Астана») «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының пайдасына 1 222 (бір мың екі жүз жиырма екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 37 (отыз жеті) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Кадиша Абуовна Карымсаковадан («ЭлектроСтрой Астана») жергілікті бюджет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қоюының қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының

...ынған Б. А., 07.02.2025

мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот аркылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Копия верна:

Судья Казтуганова Б.А.

Справка

Решение суда вступило в законную силу 12 марта 2025 года.

Судья Казтуганова Б.А.